

Денсаулық – зор байлық



Арқалық политехникалық колледжінің жатақханасында медбике Батима Ақансеріқызы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салтанат Серікқызымен бірлесе отырып, студенттермен дәрігерлік кездесу өткізді.

Кездесу барысында өкпе аурулар емханасының жасөспірімдер дәрігері Гауһар Молдашева «Туберкулез ауруларының таралу» жолдарын түсіндірді. Жатақханада жататын және басқа оқу орнының студенттеріне туберкулез микробтарынан қалай сақтануын, ауырып қалған жағдайда не шара қолдану жолдарын слайд арқылы көрсетіп, әрбір студентке мұқият әңгімелеп жеткіздік.

Туберкулез – бұл «Кох» кішкентай бактериясымен шақы-

рылатын ауру. Әдетте, туберкулез өкпені зақымдамайды, кейбір жағдайда бүкіл дене бөлігіне тиеді, мысалы, лимфалық түйіндерін, сүйек жүйесін, тіпті миды. Туберкулезді тексеріп анықтау үшін, жыл сайын флюорографиядан өту қажет. Ол қауіпті топтағы балалар мен жасөспірімдерге манту туберкулез сынамасын жасайды. Ол туберкулез таяқшасының жұғуын ерте анықтауға мүмкіндік береді. Туберкулез тұқым қуаламайды. «Салауатты өмір салтын ұстана отыра, ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздендер», – деп айтқым келеді.

Алдағы уақытта да, колледжде және жатақханада салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шаралар жүзеге асырылады.

**Батима
АҚАНСЕРІҚЫЗЫ,
Арқалық политехникалық
колледжінің медбикесі**